

Бекітемін:

Мектеп- лицей директоры

А.Кисикова

_____2020ж

*2019 - 2020 оқу жылындағы Новый орта мектеп- лицейінің
«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының
жылдық жұмысы туралы мәлімет*

Орындаушы: Б.Әбдіқалықова

2019-2020 оқу жылы

Елбасының бастамасымен құрылған "Жас Ұлан" ұйымы оқушыларға жаңа ойлар әкеліп, өзекті мәселелерді қозғап, жаңа серпін берді. Осы уақытқа дейін игілікті істер атқарған жасұландықтар талай жетістіктірге жетті. Атап айтсақ, 3 жылға арналған "Қазақстан жас қанаты- Жас ұлан" және 2 жылға арналған "Ынта. Жігер. Серпін" бағдарламаларының қорытындысы бойынша I орын иелендік. Бұл жетістіктер -мектебіміздің белсенді, ұйымшыл, шығармашыл, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан оқушылардың еңбегінің жемісі.

Қазіргі таңда жалпы мектеп-лицейі бойынша "Жас Ұлан" ұйымында 703 жас ұлан, 414 жас қыран бар. "Жас Ұлан" ұйымының мақсаты:

- Оқушылардың еркін дамуына, белсенділігінің артуына, шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау;
- мемлекетіміздің тарихи-ұлттық құндылықтарын құрметтеуге, туған-өлкесіне сүйіспеншілік сезімдерін ұялату;
- адамгершілікке, ұйымшылдыққа, табиғатты қорғауға тәрбиелеу;
- салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- білімді дамытып, мәдениет пен тәрбиені көтеру болып табылады.

"Жас Ұлан" ұйымының ұйымдастыруымен 2016 жылдан бастап дәстүрлі мектепшілік "Үздік класс" байқауы өткізіліп келеді. Әр жаңа оқу жылының басында жыл бойы 7 критерий бойынша үздік шыққан кластар марапатталады.



05.09.2019 мектебіміздегі "Жас Ұлан" ұйымы өз жұмысын бастады. Құрамға қабылдану



үшін өтініш білдірген оқушылармен алғашқы отырыс өткізілді. 2018-2019 оқу жылында мектеп кеңесінің құрамындағы оқушылар үміткерлерді ұйым жұмысымен таныстырды.

Сонымен қатар әлеуметтік желіде жарияланған сауалнама қорытындысы талқыланды.

12.09.2019 Қалалық оқушылар Сарайында "Көкжиек" клубының алғашқы отырысы өткізілді. Отырыста 2019 жылы басталып 2022 жылы қорытындыланатын жаңа бағдарлама " Ынтымақ. Бірлік. Жастық " таныстырылды. Бағдарламаға сәйкес жоспар құрылып, бекітілді.



18.09.2019 күні мектеп ұланбасына үміткер оқушылар Новий орта мектеп-лицейінің директоры Кисикова Ақгүл Мырзабековнаның қабылдауында болып, өз бағдарламаларымен таныстырып, мектеп өміріне өз үлестерін қосу үшін еңбек ететіндерін айтып, әңгімелесті.

Бақдаулетова Назерке
Бағдарламам:

- Мектеп өміріне өз үлестерін қосу
- Оқушылардың формасын сақтау, тәртіп құрылым, келбетін алғашқы келбетіне
- Оқушылардың қызығушылығын арттыру
- Тексерулер мен сынақтар, білім деңгейін тексеру
- Оқушылардың ақпараттық сауаттылығын арттыру
- Мектептегі ішкі тәртіпті сақтау
- Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру
- Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру
- Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру
- Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру

Бижан Айша
Бағдарламам:

- Мектеп өміріне өз үлестерін қосу
- Мектептегі ішкі тәртіпті сақтау
- Оқушылардың қызығушылығын арттыру
- Тексерулер мен сынақтар, білім деңгейін тексеру
- Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру
- Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру
- Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру
- Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру
- Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру



Тәукелова Амина
Бағдарламам:

- Мектеп өміріне өз үлестерін қосу
- Мектептегі ішкі тәртіпті сақтау
- Оқушылардың қызығушылығын арттыру
- Тексерулер мен сынақтар, білім деңгейін тексеру
- Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру
- Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру
- Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру
- Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру
- Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру

Бақтығали Мерей
Бағдарламам:

- Мектеп өміріне өз үлестерін қосу
- Мектептегі ішкі тәртіпті сақтау
- Оқушылардың қызығушылығын арттыру
- Тексерулер мен сынақтар, білім деңгейін тексеру
- Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру
- Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру
- Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру
- Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру
- Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру

19.09.2019 жылы "Ақтөбе-Дарын" өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен өткізілген іс-шарада "Жас Ұлан" ұйымының белсенді мүшесі, 9 "В" класс оқушысы Бақдаулетова Назеркенің жетекшілігімен құрылған "Body flight" би ұжымы өнер көрсетіп, алғыс хатпен марапатталды.



22.09.2019 Қала мектептерінің жаңадан келген аға тәлімгеріне "Жас Ұлан" ұйымының жұмысы туралы түсіндіріп, тәжірибеммен бөлістім.




2019 жылдың 24 қыркүйек күні старосталар мен оның көмекшілеріне арналған отырыста мектеп ережесі (тәртіп, форма, сабақтан себепсіз қалмау, жарыстарға қатысу), "Үздік жыл оқушысы-

2020" байқауы туралы айтылды. Сонымен қатар мектеп ұланбасына үміткерлер өздерінің сайлауалды бағдардамалары туралы толық айтылып, оқушылардың сұрақтарына жауап берді.



26.09.2019 мектепшілік "Ұланбасы" сайлауы өткізілді. Сайлауға мұғалімдер мен 11 класс оқушылары да қатысты. Барлығы 700 адам дауыс берді. Сайлауда 4 оқушы үміткер болды, қорытынды бойынша Бижан Айша 98 дауыс, Тәуекелова Амина 114 дауыс, Бақтығали Мерей 225 дауыс, Бақдаулетова Назерке 276 дауыс жинады. Ең көп дауыс жинаған Бақдаулетова Назерке "Мектеп Ұланбасы" атанды.



04.10.2019 күні ұстаздар күніне орай "Ұстаз - ұлы есім!" атты мерекелік кешке қатысып, мұғалімдерді құттықтады.



05.10.2019 күні "Жас Ұлан" ұйымының ұйымдастыруымен "Body flight" би ұжымына іріктеу (кастинг) туры өткізілді. Іріктеуге барлығы 42 оқушы қатысты. Үздік шыққан оқушылар түрлі мектептегі түрлі іс- шараларға қатыстырылып отырды.



12.10.2019 күні мектеп кеңесін кез- келген ортада өзін еркін ұстап, ойын ашық білдіруге үйрету мақсатында түрлі жұмыстар жүргізілді.



17.10.2019 күні мектеп кеңесінің белсенді оқушыларының бірі - Жұмабаев Нұрым №1 мектепте өткен "Я+спорт=здоровье" спорттық эстафетаға қатысып, командасы I орын иеленді.



17.10.2019 күні мектеп директорлары мен әдіскерлеріне арналған республикалық семинарда "Жас Ұлан" ұйымының үздік жобалары таныстырылды.



22.10.2019 күні мектеп ұланбасын ұлықтау рәсімі өткізілді. 2016 жылдан бастап мектеп кеңесінің қатарында болып, былтырғы оқу жылында Ұланбасы қызметін атқарған Курманғалиева Дана 2019-2020 оқу жылында "Мектеп Ұланбасы" атанған Бақдаулетова Назеркеге төсбелгесін тағып, сәттілік тіледі.



02.11.2019 күні мектебімізде педагогтар қауымдастығымен және білім беру саласының қызметкерлерімен Білім және ғылым министрі А.Аймағамбетов пен Ақтөбе облыстық білім басқармасының басшысы Уразбаева Ләззат Аманжолқызы кездесу өткізді. Кездесу барысында

Новый орта мектеп-лицейінің "Жас ұлан" ұйымының 5 жыл қатарынан ұйымдастырып келе жатқан дәстүрлі "Үздік класс" және "Менің көшемнің тарихы" жобаларымен ұйымның белсенді мүшелері мектеп ұланбасы Бақдаулетова Назерке мен "Отан" бағытының бөлімбасы Елемес Ноян таныстырып, жобаның мақсатын, оның әр оқушы үшін маңыздылығын түсіндірді.



07.11.2019 күні "Мен аға тәлімгермін!" атты "Көкжиек" клубына жаңадан келген аға тәлімгерлерге арналған қабылдау мерекесі өткізілді. Қабылдау жиынында тәлімгерлер өнер көрсетіп, іс- тәжірибелерімен бөлісті.



16.11.2019 күні мектеп кеңесінің құрамына жаңадан келген оқушылар тренинг өткізді. Барлық тренингтің ортақ мақсаты оқушыларды жан-жақты дамыту және кез-келген ортада өзін еркін ұстап, ойын ашық жеткізуге үйрету.



18-19.11.2019 ж 5 класс оқушыларынан "Жас ұлан" ұйымының қатарына қабылдану алдында ұйымның ЖАРҒЫсына сәйкес мемлекеттік рәміздерге қатысты сынақ алынды. Ережеге сай қабылдау 5-жыл жүргізіліп келе жатыр.



21.11.2019 қалалық оқушылар Сарайының ұйымдастыру-көпшілік бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген "Ең үздік математик" зияткерлік ойынында 3 "Ә" оқушысы Мәңгібаев Медет 2 орын иеленді.



28.11.2019 күні Новый орта мектеп-лицейінің "Жас ұлан" ұйымының ұйымдастыруымен "Жүрегім мейірімге толы" апталығы ұйымдастырылды. Ұстаздарға тілек жазылған жүрекше таратылды.



28.11.2019 күні Новый орта мектебінің "Жас ұлан" ұйымының ұйымдастыруымен "Жүрегім мейірімге толы" апталығының жоспарына сәйкес 5-бкласс оқушылары "Қайырымдылық" жәрмеңкесін ұйымдастырды. Жәрмеңкеден түскен қаржы әлеуметтік аз қамтылған оқушыларға берілді.



29.11.2019 күні Новый орта мектебінің "Жас ұлан" ұйымының ұйымдастыруымен "Жүрегім мейірімге толы" апталығының жоспарына сәйкес 8-11 класс оқушыларына "Classic forever" атта би кеші ұйымдастырылды.



30.11.2019 күні оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында "Жас ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұйымдастыруымен 6 класс оқушыларына арналған КВЕСТ ойыны өткізілді.



05.12.2019 күні "Жас ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұйымдастыруымен 8 класс оқушыларына арналған "Мейірім.Қоғам.Өзгеріс" атты дөңгелек үстел өткізілді. Екі команда тақырыпқа сай ой таластырып, өз пікірлерінің дұрыстығын дәлелдеді.



06.12.2019 "Тәуелсіздікке тарту" байқауының мәнерлеп оқу, күй номинациясы бойынша іріктеу туры өткізіліп, үздік өнер көрсеткен оқушылар марапатталды.



11.12.2019 күні Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесіне орай оқушылардың ұсынысымен "Жас ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұйымдастыруымен 8-10 кластар арасында "Бірлігіміз жарасқан!" атты КТА ойыны ұйымдастырылды.



13 желтоқсан күні 7 сыныптар арасында "Тәуелсіздік тарихы" тақырыбында ашық тәрбие кеші өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға патриоттық тәрбие беру, Отанды сүйуге және ерлікке баулу. Желтоқсан оқиғасында ел қамын жеген ерлерді үлгі тұту, өнеге алуға және халқының тарихын білуге үйрету, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.



18.12.2019 күні тәуелсіздік күніне орай шығармашылық академиясында "Жас Ұлан" ұйымының облыстық қабылдау жиыны өткізілді. Қабылдау жиынында үздік оқушыларға галстук пен төсбелгі тағылды және мектебіміздің "Сымбат" хор ұжымы өнер көрсетті.



26.12.2019 күні аз қамтылған оқушыларға арналған жаңа жылдық кеште мектеп кеңесінің оқушылары би билеп, ән айтып, ойын ұйымдастырды.



20.12.2019 күні 70 жас ұлан, 80 жас қыран "Жас Ұлан" ұйымы қатарына қабылданды.



30.12.2019 күні мектеп кеңесінің ұйымдастыруымен мерекелік кеш ұйымдастырылды. Оқушылардың жарты жылдық жұмыстары талқыланды.



16.01.2020 күні шығармашыл талантты тұлғаларды дәріптеу мақсатында қалалық оқушылар Сарайының ұйымдастыруымен "Біз білмейтін таланттар" шоу- бағдарламасы өткізілді. Бағдарламаға өзгеше қабілеті бар, ерекше талантты оқушылар қатысты. Мектебіміздің 5 а класс оқушысы Нағашыбаев Мирас сындырылған әйнектің үстіне жатып, ерекше өнерімен таңқалдырды.



25.01.2020 күні Ақтөбе облысының білім басқармасының алғыс хатымен марапатталдым.



2020 жылдың 30 қаңтар күні қалалық оқушылар Сарайының ұйымдастыруымен "Экоlife" байқауы өткізілді. Байқау нәтижесінде 2 номинация бойынша 1 орын иелендік.



2020 жылдың 3-13 ақпан аралығында "Өзін - өзі тану" : Махаббат пен шығармашылық педагогикасы" атты онкүндігі өткізілді. Мектеп кеңесінің оқушылары белсенділік танытып, түрлі іс- шаралар ұйымдастырды.



05.02.2020 күні "Сүйіспеншілікпен өмір сүреміз!" байқауы өткізілді. 1-7 класс оқушыларынан 150 дей сурет қабылданды. Бейнелеу өнері сабағының мұғалімі және қалалық оқушылар Сарайының көркемөнер бөлімінің тәрбиеленушілері суреттің мағынасына, тақырыпқа сай келуіне, фоны, түстердің үйлесімділігіне, боялуына қарап үздіктерін таңдап алды. Барлық критерийлерге сай сурет салған оқушылар марапатталды.



07.02.2020 күні "Мейірімді ұрпақ" атты қайырымдылық би кеші ұйымдастырылды.




10.02.2020 күні 1-11 кл оқушылар арасында "Руханилықтың мөлдір бұлағы" атты шығармашылық жұмыс байқауы өткізіліп, оқушылардың ата-аналармен бірлесе отырып жасаған жұмыстары көрмеге қойылды.



2020 жылғы 13 ақпанда қалалық оқушылар Сарайында патриоттық борыш пен әскери ерлікке құрмет сезімін тәрбиелеу мақсатында "Ауғанның от жалыны" кездесуі өткізілді. Шара қонақтары: А.Н. Балқасынов - "Ақтөбе облыстық Ауған соғысы жауынгер - интернационалистері" қоғамдық бірлестігінің төрағасы, А.Б. Жумабеков - "Намыс" спорттық - патриоттық клубының директоры. Шара барысында оқушылар қонақтарға сұрақтар қойып, концерттік бағдарлама ұсынып, естелік суретке түсті.




16.02.2020 күні салауатты өмір салтын және "Жас Ұлан" ұйымын насихаттау мақсатында бесінші рет мектеп кеңесі мен ұйым белсенділері "I love Жас ұлан!" ұранымен "Энергетик" демалыс орталығына барып қайтты.



2020 жылдың 19 ақпан күні қалалық оқушылар Сарайының ұйымдастыруымен Абайдың 175 жылдық мерейтойына орай өткізілген "Абай - дана, Абай-дара" облыстық көркемсөз байқауына 7 б класс оқушысы Блауаншина Камила қатысып, 2 орын иеленді.





27.02.2020 күні қалалық оқушылар Сарайында "Дәстүрлер калейдоскопы" байқауына 9 "в" класс оқушысы Ғабидоллақызы Әсем өатысып, I орын иеленді.



05.03.2020 күні қалалық "Көктем аруы" сұлулық байқауы өткізілді. Байқау қорытындысы бойынша мектеп ұланбасы Бақдаулетова Назерке ІІ орын иеленді.




15.04.2020 күні қалалық оқушылар Сарайының ұйымдастыруымен "ЭФИР life" тікелей эфирде сұхбаттасу өткізілді. Эфир қонақтары "Көкжиек" клубының түлегі Сәтбек Аманбайұлы мен ұйымның төрайымы Садвақасова Динара Тайбасарқызы болды. Эфирде қонақтарға түрлі сұрақтар қойылып, желіні пайдаланушылар арасында конкурстар ұйымдастырылды.



2"А"класс оқушысы Жолдыбай Мерей қалалық оқушылар Сарайының ұйымдастыру-көпшілік бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген "Үздік математик" атты онлайн байқауынан І орын алды.



Сауатты блог жазатын тұлғаларды қолдау мақсатында "Менің кумирім" атты жас блогерлер байқауы өткізілді. Қорытынды бойынша Бақдаулетова Назерке, Балуаншина Камила- І орын, Исакова Аружан-ІІ орын иеленді.



Әлеуметтік шығармашылық белсенділіктерін жетілдіру мақсатында ұйымдастырылған "Үйден шықпа, уақытыңды тиімді пайдалан!" атты бейнеролик және фотосуреттер байқауына қатысып І және ІІ орын иелендім.



"Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұйымдастыруымен "Сарғайса да тарихтың ақ парағы, ол күндер мәңгі есте сақталады!" атты Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай 1-4 кластар сурет, 5-6 кластар өлең оқу, 8-1 өлең шығару, эссе жазу номинациясы бойынша байқауы ұйымдастырылды. Байқау жеңімпаздары марапатталды.



Бақыттың үлкені - жүректің отын, ақыл-ойдың шамын жаққан ұстаздары алдында өзі туралы ұялмай есеп бере алатын шәкірттерді тәрбиелеу. Ендеше, бүгінгі білім мен білік бәсекелес заманда ұландарымыздың биіктен көрінуіне күнделікті ісіміздегі жаңашылдығымыз арқылы, жан-жақты берген тәрбиеміз арқылы қол жеткізудеміз.

Оқушыларға тәрбиемен қатар, жоғары талап қойып қана шыңдай аламыз. «Жас Ұлан» ұйымы оқушыларды биік мәдениетке тәрбиелеу бағытында үлкен жұмыстар атқаруда. Өз Отанын, елін сүюге және өз елінің нағыз азаматы болуға дайындап, балалар ұйымының қоғамдағы белсенділігін арттыруда. Болашағы бүгіннен басталған, ұлылығы бойына дарыған жас ұланның атқарар қызметі әлі алда. Ендеше кемел келешектің кілтін, жарқын болашақтың туын нық ұстау - ұландарымыздың қолында! Заманауи Қазақстанның ұлтжанды, рухы биік, білімді, жаңашыл жасуландықтар алдағы уақытта да ел сенімін ақтайтыны сөзсіз.

Ұсыныс:

- ✓ Алдағы оқу жылында да оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында түрлі байқаулар ұйымдастыру.
- ✓ Мектеп кеңесінің жұмысын жандандыру мақсатында әртүрлі бағыттың бөлімбасыларының жұмысы жеке қадағаланып, мониторинг шығарылып, отырыстарда талқыланып отыру.

Аға тәлімгер:

Б.Әбдіқалықова